# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2024 жылғы 12 шілде №5165-24-00-2/1477 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья С. Байтенов,
сот отырысының хатшысы Ж. Ермекбаеваның отыруында,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

**ЖАУАПКЕР:**
Жеке кәсіпкер «Nurly nan» Айдынбек Қалдана Тұратқызы

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы

**СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:**
талап қоюшы өкілі Е. Тасов
жауапкер өкілі А. Оспанов

**СИПАТТАУ БӨЛІГІ:**

«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - талап қоюшы) мен жеке кәсіпкер «Nurly nan» Айдынбек Қалдана Тұратқызы (бұдан әрі - жауапкер) арасында 2024 жылғы 05 сәуірде жалпы сомасы 1 679 790 теңгені құрайтын кітап баспа өнімдерін жеткізу бойынша №103 санды тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - Шарт) түзілген.

Шарттың №1 қосымшасына сай мердігер тауарды отыз күн ішінде, яғни 04 мамыр 2024 жылға дейін тауарды жеткізуге тиіс болған.

Талап қоюшы сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюын түсірген. Оның негізіне, жауапкер Шарттың талаптарын орындамағанын көрсеткен.

Жауапкерден талап қоюға қарсы пікір түспеген.

Талап қоюшы өкілі сотта талап қоюын қолдап, шарт жауапкер тарапынан орындалмауына байланысты бүгінгі таңда біржақты бұзылғанын, сондықтан талапты қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі сотта шарт бойынша талап қоюшы кітаптың ішіне не жазылу керектігін айтпағанын, содан Е-өтініш арқылы талап қоюшыға жүгінгенін, кітап өнімдерін Адал баспасынан жеткізу керектігін айтқанын, аталған баспа өзіне тиімсіз болғандықтан тауарды жеткізбегенін, сондықтан талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

## УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің (бұдан әрі -АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V санды Заңының (ары қарай - Заң) 12-бабы 4-тармағы 2-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі жеңімпаздар деп айқындалған, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Сотта анықталғаны, жауапкер тауарды 04 мамыр 2024 жылға дейін жеткізуге тиіс болған. Алайда, жауапкер міндеттемесін орындамай тауарды жеткізбеген, яғни Шарттың талаптарын орындамаған.

Одан бөлек, Шарт 13 маусым 2024 жылы біржақты бұзылған.

Сот, жауапкер өкілінің шарт бойынша талап қоюшы кітаптың ішіне не жазылу керектігін айтпағаны, Е-өтініш арқылы талап қоюшыға жүгініп, кітап өнімдерін Адал баспасынан жеткізу керектігін айтқаны, аталған баспа тиімсіз болғандықтан тауарды жеткізбегені жөніндегі уәжін сот негізсіз деп санайды, өйткені жауапкер шарт бойынша кітап баспа өнімдерін 05 мамыр 2024 жылға дейін жеткізуге міндеттеме алып, алайда міндеттемесін орындамаған, яғни іс құжаттарынан анықталғандай кітаптың ішіне жазылатын мәлімет (Гост) көрсетілген, одан бөлек жауапкер шарт бойынша кітап баспа өнімдерін жеткізгені және талап қоюшы тарапынан тауар қабылданбағаны жөнінде мәлімет ұсынбады.

Көрсетілгендер негізінде, сот, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы келісім шартты орындамағанын негізге алып, әлеуетті өнім беруші ретінде мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға жатады деген қорытындыға келеді.

АПК-нің 117-бабының талаптарына сай жауапкерден баж алымы мемлекет пайдасына өндірілуге жатады.

## ҚАРАР БӨЛІГІ:

Құжатқа қол қойылған: Байтенов С. К., 18.07.2024
Заңды күшіне енген күні: 20.08.2024, судья Байтенов С. К., 21.08.2024
5165-24-3-1/1457

АПК-нің 223-226 – баптарын басшылыққа алып, **сот**

**ШЕШІМ ЕТТІ**:

«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Nurly nan» Айдынбек Қалдана Тұратқызы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Nurly nan» Айдынбек Қалдана Тұратқызынан мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегі жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Шешімге наразы тарап шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен шағым, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

**Судья** **С. Байтенов**

Құжатқа қол қойылған: Байтенов С. К., 18.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 20.08.2024, судья Байтенов С. К., 21.08.2024

5165-24-3-1/1457